

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

Орта білім беру ұйымдарына арналған

ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№1 2023жылғы " 25 " _____тамыз_____

ӘБ жетекшісі: Хуат Армангул

Хатшы: Умурзакова Г.К.

Қатысқандар: 7_ (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. Педагогикалық ұжымның өткен жылғы жұмысына талдау және мектептің жұмысының рейтингі, жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер.
2. Мемлекеттік білім беру стандарты, оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқау хатпен танысу. Күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспар құру бойынша нұсқаулықтар. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарын анықтау және оларға жоспар жасау ерекшеліктері.
3. Мектеп құжаттарын жүргізу бойынша ақпарат, міндетті жүргізетін құжаттар бойынша нұсқаулық. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулық жүргізу.
4. БЖБ, ТЖБ жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау және кестесін бекіту. Дәптерді жүргізу ережесін талдау
5. Жаңа оқу жылына арналған жоспарды бекіту.
6. Білім беру платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығы

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Хуат А.. 2023-2024 оқу жылының жұмысының қорытындысына талдау жасады. Талдау барысында педагогикалық кадрлар бойынша жұмыс, оқу – тәрбие жұмысына, дарынды оқушылармен жұмыс бойынша қорытынды талданды. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша мұғалімдер марапатталды. Мектеп мұғалімдерін жалпы мектептік тақырып және мақсатымен таныстырып талқылады. Жаңа 2023-2024 оқу жылында мектеп «Білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген, өзін өзі бағалай алатын тұлға қалыптастыру» тақырыбымен жұмыс істеуді жалғастырады. Келер жылы осы жылғы болған кемшіліктерді жою үшін жағдайлар жасау, оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Ол үшін:

1. Білім сапасын арттыру мақсатында, әр баланың қолжетімді және сапалы білім алу құқығын жүзеге асыру бойынша әрбір мұғалім мен сынып жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру.
2. Педагог-психологпен бірлесе отырып, дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың деректер банкіні құру және олармен жұмыс істеу бағдарламасын әзірлеу. Дарынды оқушыларды қолдау және дамыту бойынша жұмыстар жүргізу;

3. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;
4. Білім сапасын арттыру мақсатында, оқытудың нәтижелі технологияларын мұғалімдердің қолдануын зерделеу.
5. Пәндік апталықтар және пәндер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырудың сапасын арттыру.
6. Жаратылыстану-математика пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын қарастыру.

Бастауыш әдістемелік кеңесінің хатшысын сайлау туралы сұрақ қойылды. Хатшының міндетін атқаруға Умурзакова Гүлдана Кайратовна ұсынылды. Кеңестің барлық мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдады.

Сөз сөйлегендер:

Кункенова Г.А. – БАСТАУЫШ сынып барлық мұғалімдері берілген тақырып пен мақсатты орындау үшін жұмыс жүргізу керек. Нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп тақырыбы мен мақсаттарын қабылдай отырып, осы тақырыптар негізінде бастауыш сыныптар ӘБ жоспарын құру.
2. Бастауыш әдістемелік кеңес хатшысы міндетін Умурзакова Гүлдана Кайратовна атқарсын.

№2 сұрақ бойынша Хуат А. мұғалімдерді «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген стандарт талқыланды. Пәндер бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген оқу бағдарламалары таныстырылды және талқылады. Мектеп мұғалімдеріне күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспарларды құру бойынша нұсқаулықтар берілді. 1-11 сыныптарға Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарды жоспарлау және жүргізу бойынша нұсқаулық берілді. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) негізінде жүргізілетіні ескертілді.

Сөз сөйлегендер:

Альмагамбетова С.Ж. – 2023 - 2024 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар оқу бағдарламалары негізінде құрылуы тиіс. Барлық КТЖ 6.04.2020 жылғы №130 (өзгерістермен 17.03.2023 ж. №68) бұйрықтағы үлгі бойынша құрылуы тиіс. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарды жоспарлауда оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін ескеру қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Пән бойынша КТЖ, вариативтік компонент жоспарларды оқу бағдарламалары негізінде құру.

№3 сұрақта С.Смаилова мектепшілік барлық құжаттарды «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) негізінде толтыру үлгілерін көрсетті. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулықпен таныстырды. 2023-2024 оқу жылында 2-4 қалыптастырушы бағалау бойынша 1-10 балға дейінгі бағалау жүйесі жалғастырылады. Бекітілген сабақ кестесі журналға енгізіліп, сол бойынша КТЖ уақытылы енгізілуі тиіс. ҰТ уақытылы енгізіп, журналды кейінгі күнмен толтыруға тыйым салынады. Электронды журналға жаңадан келген және тіркелмеген оқушыларға және мұғалімдерге жаңа аккаунт беру, оларды тіркеу, пәндер бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарды уақытылы енгізуге тікелей жауапкершілікпен қарау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Асқар Е. – оқушылардың және ата – аналардың да күнделік.кз кіруі мониторинг арқылы бақыланып отырады. Мобильді телефон арқылы кіру үшін, арнайы қосымшасын жүктеп алуға болады. Уақытынан кейін толтырылған журналдар мониторингте көрініп тұрады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп құжаттарын ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бұйрық негізінде жүргізу.
2. Электронды журналды уақытылы толтыру.

Келесі сұрақ бойынша С.Смаилова мектеп директорының 25 тамыз 2022 жылғы №66 бұйрығымен таныстырды. Бұрықта жас мамандарға тәлімгер тағайындау туралы айтылған. Тәлімгерлердің жұмыс жоспарлары бекітілді.

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24.04 №160 бұйрығы таныстырылды. Бұйрықта тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар көрсетілген. Тәлімгерлерді өздеріне жүтелген міндеттермен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

Дуйсенбаева Л. – жас мамандардың біліктілігін арттыру үшін сабақтарына үнемі қатысуды жүргізу қажет. Және тәжірибесі мол ұстаздардың сабақтарына қатысуды ұйымдастыру қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспарға сәйкес іс – шаралар ұйымдастырып өткізу.

№5 сұрақ БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Оқушылардың күмән келтіретін жұмыстары модерациядан өтеді, мұндай жағдайда міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім

негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады. БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша кесте алдын ала құрылып бекітіледі. Бекітілген кесте бойынша бір күнде 3 БЖБ неме ТЖБ дан артық жоспарланбауы керек.

Сөз сөйлегендер:

Дуйсенбаев М.Т. – БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.
2. Қажет болған жағдайда модерацияны әр тоқсан сайын модерациялық топ мүшелері өткізу керек.

№6 сұрақта мектептің әдістемелік кеңесінің бір жылдық жоспарымен таныстырып талқыға салды. Ұсыныстар ескеріліп жаңа оқу жылының жоспарына енгізілді.

Сөз сөйлегендер:

1. Хуат А. (бастауыш сыныптар ӘБ жетекшісі) - оқу тәрбие жоспарына мұғалімдердің тәжірибесімен алмасу мақсатында мектепішілік семинарлардың жоспарын енгізуді ұсынамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Бекітілген жылдық жоспары негізінде іс – шараларды ұйымдастырып өткізу.

Соңғы сұрақ бойынша Е.Асқар мұғалімдерге оқу барысында қолданылатын білім платформаларымен таныстырды. Республикада барлық білім беру платформалары рұқсат етілген, Біздің аудан бойынша bilimapp.kz платформасымен жұмыс істеуге шарт жасалған. Барлық оқушылар мен мұғалімдер аталған платформаға тіркелуі тиіс. Ары қарай Е.Асқар bilimapp.kz білім беру платформасымен жұмыс істеу нұсқаулығымен толық таныстырды, сабақ құрау және видеоконференция жүргізуді үйретті.

Сөз сөйлегендер:

Хуат А. - Мұғалімдерге bilimapp.kz платформасындағы жұмыс барысын мониторинг жүргізіледі.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Білім беру платформаларына тіркеліп, жұмыс істеу бойынша нұсқаулықпен толық танысу, оқушыларды таныстыру жұмыстарын жүргізу.

ӘБ жетекшісі:  Хуат А.

Хатшы:  Умурзакова Г.К.

Қатысқандар: __ (тізім қоса тігіледі)

1. Хуат А.
2. Дуйсенбаев М.Т.
3. Кункенова Г.А.
4. Альмагамбетова С.Ж.
5. Умурзакова Г.К.
6. Кункенова М.Н.
7. Каирова А.Т.

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№2 2023жылғы " __12__ " _____қыркүйек__

ӘБ жетекшісі: Хуат Армангул

Хатшы: Альмагамбетова С.Ж.

Қатысқандар: _7_ (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. БАЯНДАМА. «Жаңартылған білім мазмұны бастауыш сыныптарда»
2. 2023-2024 оқу жылына арналған БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын қарастыру және бекітуге ұсыну.
3. Мемлекеттік стандарт бойынша бастауыш сыныптағы бақылау жұмыстарының орындалу нормасы. Бірлестік жұмыстарындағы жұмыс жоспарының орындалуы
4. Bilimland, Daryn online тағы басқа білім беру платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығы

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Хуат А.. 2023-2024 оқу жылының 1 тоқсан жұмысының қорытындысына талдау жасады.
БАЯНДАМА. «Жаңартылған білім мазмұны бастауыш сыныптарда» оқылды. Оқыған
Альмагамбетова С.Ж.

Баяндама барысында слайд көрсету арқылы түсіндірілді. Кері байланыс арқылы бастауыш сынып мұғалімдері пікір алмасты.

Сөз сөйлегендер:

Кункенова Г.А. – БАСТАУЫШ сынып барлық мұғалімдері жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жаңа әдіс тәсілдер арқылы сабақ өткізілетіні айтылды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

«Жаңартылған білім мазмұны бастауыш сыныптарда» баяндамада айтылған мәселе бойынша жұмыстар жүргізілсін

№2 сұрақ БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Оқушылардың күмән келтіретін жұмыстары модерациядан өтеді, мұндай жағдайда міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады. БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша кесте алдын ала құрылып бекітіледі. Бекітілген кесте бойынша бір күнде 3 БЖБ неме ТЖБ дан артық жоспарланбауы керек.

Сөз сөйлегендер:

Дуйсенбаев М.Т. – БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.

Қажет болған жағдайда модерацияны әр тоқсан сайын модерациялық топ мүшелері өткізу керек. Ұсыныстар ескеріліп жаңа оқу жылының жоспарына енгізілді.

№3 сұрақ бойынша Хуат А. мұғалімдерді «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту

министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген стандарт негізінде БАСТАУЫШ сыныптар талқыланды. Пәндер бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген оқу бағдарламалары таныстырылды және талқылады. Бастауыш сынып мұғалімдеріне күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспарларды құру бойынша нұсқаулықтар берілді. 1-4 сыныптарға Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарды жоспарлау және жүргізу бойынша нұсқаулық берілді.

Сөз сөйлегендер:

Хуат А. – 2023 - 2024 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар оқу бағдарламалары негізінде құрылуы тиіс. Барлық КТЖ 6.04.2020 жылғы №130 (өзгерістермен 17.03.2023 ж. №68) бұйрықтағы үлгі бойынша құрылуы тиіс. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарды жоспарлауда оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін ескеру қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Пән бойынша КТЖ, вариативтік компонент жоспарларды оқу бағдарламалары негізінде құру.

Соңғы сұрақ бойынша Е.Аскар мұғалімдерге оқу барысында қолданылатын білім платформаларымен таныстырды. Республикада барлық білім беру платформалары рұқсат етілген, Біздің аудан бойынша daryn online платформасымен жұмыс істеуге шарт жасалған. Барлық оқушылар мен мұғалімдер аталған платформаға тіркелуі тиіс. Ары қарай Е.Аскар Bilimland, Daryn online тағы басқа білім беру платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығымен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

Аскар Ергали (информатика пәнінің мұғалімі) Мұғалімдерге дарын. онлайн платформасындағы жұмыс барыс және электронды журналдағы жаңалықтармен таныстырды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

Білім беру платформаларына тіркеліп, жұмыс істеу бойынша нұсқаулықпен толық танысу, оқушыларды таныстыру жұмыстарын жүргізу.

Bilimland.kz қашықтық білім беру бойынша курсына қатысу қажет.

ӘК төрайымы:  Хуат А.

Хатшы:  Альмагамбетов С.Ж.

Қатысқандар: __ (тізім қоса тігіледі)

Хуат А.

Дуйсенбаев М.Т.

Кункенова Г.А.

Альмагамбетова С.Ж.

Умурзакова Г.К.

Кункенова М.Н.

Каирова А.Т.

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

Орта білім беру ұйымдарына арналған

ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№3 2023жылғы " 22 " _____ желтоқсан _____

ӘБ жетекшісі: Хуат Армангул

Хатшы: Альмағамбетова С.Ж.

Қатысқандар: 7_ (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді ұйымдастыруға болады?» іс – тәжірибемен бөлісу пікір алмасу
2. Бірінші жартыжылдық жұмысының қорытындысы, екінші жартыжылдық міндеттерін белгілеу.
3. Бастауыш сыныптардағы олқылықтарды жою жұмыстарының жағдайы
4. Kundelik.kz журналын жүргізу бойынша тексеру қорытындысын талдау.
5. ТЖБ қорытындысын бақылау

Отырыс барысы

Ең алдымен бастауыш ӘБ жетекшісі Хуат А.2022 жылдың 19 тамызында өткен №1 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды.

Бірінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі Кункенова Г.А. «Қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді ұйымдастыруға болады?» тақырыбында іс- тәжірибемен бөлісті. Қалыптастырушы бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі. Қалыптастырушы бағалау сабақ үстінде үнемі жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау күнделікті, әр сабақта, ауызша, жазбаша, жоба қорғау түрінде қолданылады. Қалыптастырушы бағалау қолдану арқылы

мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс жүзеге асады. Осының нәтижесінде білім алушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. А.Хуат сабақта өзі ФБ жүргізетін бірнеше тәсілдерді көрсетті.

Сөз сөйлегендер:

Дуйсенбаев М.Т.—барлық пән мұғалімдері сабақта ФБ тапсырмалары арқылы оқушыларды бағалап, ата – аналармен кері байланыс жасау керек. Сол кезде ғана білім сапасын көтеріп, оқушының ынтасы артады.

Хуат А. – сабаққа қатысу барысында мұғалімдердің ФБ қою тапсырмаларын жоспарлау қадағаланады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектептің шығармашылық тобы мұғалімдермен сабақта ФБ қою тәсілдерін қалай құрастыруға болатыны жөнінде дөңгелек үстел өткізілсін.

Екінші сұрақ бойынша Хуат А. директордың оқу ісі орынбасары С.Смаилованың бекітілген жоспар бойынша сыныптардың сабақтарына қатысу нәтижесімен таныстырды. Сабақтарға қатысу барысында көптеген пән мұғалімдері сабақтарда әдіс – тәсілдер қолданылмайтыны анықтылды. Сабақ барысы бірсарынды, дәстүрлі түрде өтеді. Сондай – ақ сабақ барысында қалыптастырушы баға қоюға арналған арнайы тапсырмалар берілмейтіні де айтылды. Әр оқушыға ҚБ тек оқушының сабаққа қатысуы және барлық тапсырмаларды орындауы бойынша қойылады. Бірақ сабақта кейбір оқушылардың тапсырмалары тексерілмейді. Сол себепті мұғалімдерге сабақ жоспарын құруда осы кемшіліктерді ескеру ұсынылды. Әр пән мұғалімімен сабаққа қатысу бойынша талдау жүргізілетіні айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Кункенова М.Н. – Бастауыш сыныптан кеткен оқушыларды сабаққа қызықтыру, ынтасын көтеру үшін түрлі тәсілдер қолдану керек.

Умурзакова Г.К. – әр сабақтарда оқушыларға сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін қолдану арқылы ҚБ қойып отырамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспар бойынша сабақтарға қатысуды жалғастыру.

ҚБ тапсырмаларын құрастыру бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру

Үшінші сұрақ бойынша Дүйсенбаев М.Т. білім алудағы олқылықтарды жою бойынша іс – шаралардың жұмыс барысы бойынша есеп берді. Оның ішінде кіріс бақылауына тоқталды. Барлық пәндер қыркүйек айының 9 дейін кіріс бақылау жұмыстарын өткізіп, талдау жұмыстарын асады. Осы бақылау негізінде сабақтарда үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізіледі.

Сөз сөйлегендер:

Кункенова М.Н. – Бастауыш сыныптардағы олқылықтарды жою жұмыстарының жүргізілгенін, талдау жасалды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Білім сапасын арттыру бойынша сабақта түрлі әдіс- тәсілдерді қолдануды жалғастыру.

Төртінші сұрақ бойынша Хуат А. қыркүйек, қазан айларының Kundelik.kz электронды журналын жүргізу бойынша тексеру қорытындысын талдап, уақытылы жүргізу бойынша ескертулер жасады. Мұғалімдер журналды уақытынан кеш немесе ерте толтырып қоятыны айтылды. Көп мұғалімдер формативті баға қою кезінде кемшіліктер жіберген. Барлық мұғалімдерге электронды журналды жүргізу бойынша ескерту жасалды.

Сөз сөйлегендер:

Хуат А. – Журнал мектептің қатаң есептегі құжаты, сол себепті журналдың дұрыс, әрі толық жүргізілуді қамтамасыз ету керек. ФБ баға оқушыларға әр – түрлі әдіс тәсілдерді қолдану арқылы күнделікті қойылу керек.

Кункенова Г.А. – әр сабақтарда оқушыларға сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін қолдану арқылы ФБ қойып отырамын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Журналды уақытылы толтыру.
2. Журнал жүргізу бойынша ай сайын мониторинг жасау.

Бесінші сұрақ бойынша бірлестік жетекші Хуат А. тоқсандық жиынтық бақылау (ТЖБ) жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Барлық пәндер бойынша ТЖБ пәндер спецификациясы негізінде жүргізіледі. ТЖБ қорытындысы бойынша барлық бірлестіктер модерация өткізді. Модерация барысында барлық жұмыстар дескриптор негізінде тексеріліп, қойылған баллдар сәйкестігі бақыланды.


Сөз сөйлегендер:

Альмагамбетова С.Ж. – Бастауыш сыныптар бойынша да барлық жұмыстарға модерация өткізілді. Кемшіліктер болған жоқ.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспар бойынша 2 тоқсандық ТЖБ өткізу.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

ӘК төрайымы:  Хуат А.

Хатшы:  Альмагамбетов С.

Қатысқандар:

Хуат А.

Дуйсенбаев М.Т.

Кункенова Г.А.

Альмагамбетова С.Ж.

Умурзакова Г.К.

Кункенова М.Н.

Каирова А.Т.

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

Орта білім беру ұйымдарына арналған

ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№4 2024жылғы " __2__ " _____ақпан__

ӘБ жетекшісі: Хуат Армангул

Хатшы: Альмагамбетова С.Ж.

Қатысқандар: _7_ (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабақ жүргізу»
2. Бастауыш сыныптағы қазақ тілі, математика пәндерін оқыту сапасының қорытындысы
3. «Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс – тәсілдері»
4. Бастауыш онкүндігін талқылау. Жоспарын бекіту

Отырыс барысы

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2022 жылдың 31 қазанында өткен №2 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №2 ӘК отырысының шешіміне сәйкес электронды журналды жүргізу күнделікті бақылауда болды, сабақта ФБ қою, үлгерімі төмен оқушылармен сабақта жұмыс жүргізу, 1,4 сыныптардың сабақтарына қатысып олардың бейімделуін бақылау, сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын бақылау жұмыстары жүргізілді.

Бірінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі М.Н.Кункенова «Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабақ жүргізу» тақырыбында баяндама оқып, іс – тәжірибесімен бөлісті. «Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік

өзгерістерге толы. Сабақ барысында білім алушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». «Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт:

сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;

білім алушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;

эртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;

білім алушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз – әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен білім алушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткіздім» деп атап өтті М.Н. Кункенова.

Сөз сөйлегендер:

Альмагамбеотова С.Ж. – Сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Әдістемелік оқу құралы оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сапалы сабақ өткізу үшін сабақты жоспарлауда әдіс – тәсілдерді тиімді таңдау;

2. Пән бойынша білім сапасын арттыру үшін сапалы сабақ жүргізу;

Екінші сұрақ бойынша Смаилова С.К. бастауыш сыныптағы қазақ тілі, математика пәндерін оқыту сапасы бойынша бақылаудың қорытындысын шығарғаны туралы айтылды. 2022-2023 оқу жылына 2023 жылдың сәуір айында бастауыш сыныптардың сабақтарына қатысу жүргізілді. Сабаққа қатысу барысында:

- формативті бағалаудың өткізілуін, педагогтің кері байланыс жасауын, пән бойынша олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау
- Сабақты жоспарлау және жүргізу.

- оқыту үдерісі мен заманауи оқыту мазмұнын жаңарту мақсатында сабақты өткізудің сапасы.
- сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі.
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізілуі бақыланды.

Мұғалімдер жоспарда сабақтың барлық кезеңдерін қамтылған, сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сай, оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынған, формативті баға жоспарланған, ұсынылған ақпарат сабақ мазмұнына сай келеді, оқу әдістері жоспарланған, мұғалім мен оқушының әрекеті анық жоспарланған. Бірақ көп мұғалімдер үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жеке жұмыс жоспарламайды.

Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды. Алдыңғы сабақтағы ақпаратты қайталай отырып жаңа сабақтар түсіндіріледі және бекіту тапсырмалары орындалады. Мәтіндерді оқып, проблеманы анықтап, сұрақтарға жауап беруде дәлел келтіре білу сияқты тапсырмалар орындалады. Сын тұрғысынан ойлау, тіл мәдениетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту мәселелеріне көңіл бөлінеді. Оңайдан қиынға қарай тапсырмалары орындалады. Сабақтарды өткізуде әдіс – тәсілдер көп қолданылмайтыны анықталды. Сабақтар дәстүрлі түрде көп өткізіледі. Оқушылардың тіл мәдениетін дамытуға және оқу сауаттылығын дамытуға тапсырмалар көп қолдану керек.

Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар кей сабақтарда жүргізіледі. Үлгерімі төмен оқушыларға арнайы жеңілдетілген түрдегі жеке тапсырмалар беріледі. Көп сабақтарда А,В,С деңгейлік тапсырмалары орындалады. Үлгерімі төмен оқушыларға: сурет бойынша әңгімеле, сәйкестендір, орнына қой т.б тапсырмалар беріледі.

Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар беріледі. Сабақ басында сабақты бағалау критерийлері айтылады. ҚБ тапсырмасын беру алдында тапсырманы анық түсіндіреді, дескрипторлар беріледі. Сабақтарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады. ҚБ өткізу әдістерін қолданады.

Сөз сөйлегендер:

- Альмагамбетова С.Ж. – Бастауыш пен орта буын сабақтастығын нығайту мәселесін қосу керек деп ойлаймын. Сол кезде білім сапасының нақты өсуінің нәтижесін көре аламыз.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдану;
2. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында сабақты тиынақты жоспарлау;

Үшінші сұрақ бойынша бастауыш сынып мұғалімі Г.А.Кункенов «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс – тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады. «Бүгінгі білім беру жүйесінде оқушының пәндік білімді игеріп қоюы өте аздық етеді. Бүгінде оқушының функционалды сауатты болуы, пәндік білімін өмірмен ұштастырып, оны тұрмыста қажетіне жарата алуы маңызды. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Lesson Study жүргізудің негізгі мақсаты оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру болғандықтан, сабақта негізінен мәтінмен жұмыс жүргізілді. Оқу сауаттылығын интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыру жоспарланғандықтан, сабақ жоспарында балалардың пән бойынша деңгейлері ескеріліп, тапсырмалар дайындалып, әдістері таңдап алынды» деп тоқталды.

Сөз сөйлегендер:

Хуат А. – Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау сабақта немесе үйде күнделікті жұмыс үрдісінде білімі мен дағдысының ағымдағы дәрежесін анықтау, оқу үрдісінде оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты жандандыру. Ол оқушыларға білім алудың мақсаты мен міндеттеріне қаншалықты жеткені, жаңа тақырып меңгеру кезінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқаны туралы түсінік береді.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жұмыстарын жүргізу;

ӘК төрайымы:  Хуат А.

Хатшы:  Альмагамбетов С.

ОВ

Қатысқандар:

Хуат А.

Дуйсенбаев М.Т.

Кункенова Г.А.

Альмагамбетова С.Ж.

Умурзакова Г.К.

Кункенова М.Н.

Каирова А.Т.

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

Орта білім беру ұйымдарына арналған

ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы

№5 2024 жылғы " __17__ " _____сәуір__

ӘБ жетекшісі: Хуат Армангул

Хатшы: Альмагамбетова С.Ж.

Қатысқандар: _7_ (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. «Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары»
2. БЖБ ТЖБ тапсырмасын талдау
3. Шығармашылықпен озық педагогикалық тәжірибесі бар мұғалімдермен байланыс жасау
4. Үй тапсырмасын орындау, тексеру, талаптарға сай берілу бойынша қорытынды
5. Мектеп құжаттарының жүргізілу барысы

Отырыс барысы

№5 отырыстың бірінші сұрағы бойынша бастауыш сынып мұғалімі Альмагамбетова С.Ж. «Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары» тақырыбында баяндама оқыды. Заманауи оқыту құралдары мұғалімдерге онлайн білім беру материалдарын жасауға, оларды оқушылармен бөлісуге, тапсырмалардың орындалуын бақылауға және оқыту нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді, бұл цифрлық оқу ортасының бөлігі болып табылады. Оқытудың заманауи құралдарын қолдану білім беру және пәндік-белсенділік ортасын құруға мүмкіндік береді:

- Барлық оқушылардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың пәнді меңгеруінің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу;
- оқушылардың жеке қабілеттерін анықтау және дамыту;

- дарынды және талантты балалармен жұмыс;
- білім беру үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологияларын қолдану;
- оқушылардың өзіндік тиімді жұмысы.

Сөз сөйлегендер:

Хуат А. – Дәл осы заманауи оқыту құралдары оқушылардың табысты дамуы үшін білім беру ортасына жағдай жасайды, оларды неғұрлым табысты пайдалану арқасында және ұтымды қысқартылған уақыт ішінде оқытудың қойылған мақсаттарына қол жеткізіледі.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақта заманауи оқу құралдарын кеңінен қолдану.

Екінші сұрақ бойынша бірлестік жетекші тоқсандық жиынтық бақылау (ТЖБ), БЖБ жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Барлық пәндер бойынша БЖБ, ТЖБ пәндер спецификациясы негізінде жүргізіледі. БЖБ, ТЖБ қорытындысы бойынша барлық бірлестіктер модерация өткізді. Модерация барысында барлық жұмыстар дескриптор негізінде тексеріліп, қойылған баллдар сәйкестігі бақыланды.

Сөз сөйлегендер:

Альмагамбетова С.Ж. – Бастауыш сыныптар бойынша да барлық жұмыстарға модерация өткізілді. Кемшіліктер болған жоқ.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспар бойынша тоқсандық БЖБ, ТЖБ өткізу.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

Төртінші сұрақ бойынша Хуат А. Үй тапсырмасын орындау, тексеру, талаптарға сай берілу бойынша қорытындысына тоқталды. Үй тапсырмасының берілуін электронды журналдан бақыланды. Үй тапсырмаларының уақытылы берілуі, оларды орындауға берілетін сағаты нақты көрсетілуі керек. Бірақ кейбір мұғалімдер тапсырманы орындау уақытын белгілемейді. Және де 2-4 сынып оқушыларының үй тапсырмасын орындауын бақылау мақсатында пәндік дәптерлер бақыланды. 3,4 сыныптардың математика пәні бойынша дәптерлері тексерілді. 2,3 сыныптарындағы барлық оқушылар үй тапсырмаларын уақытылы орындайтыны және мұғалімнің үй тапсырмаларды уақытылы тексеретіні анықталды. 1 сыныптардың әліппе пәні бойынша дәптерлері тексерілді. Тексеру барысында жазу үлгісі нашар кейбір оқушылар ғана анықталды.

Сөз сөйлегендер:

Альмагамбетова С.Ж. – Дәптерге орындауды талап етілетін тапсырмаларды оқушылардың барлығы орындай бермейді. Үлгерімі төмен оқушылар тапсырмаларды мүлдем орындамайды. Оқушыларға үй тапсырмасын берген кезде орындалу жолын міндетті түрде түсіндіру.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Үй тапсырмаларының көлемі мен қиындығына назар аудару;
2. Үй тапсырмаларын уақытылы тексеру.

Бесінші сұрақ бойынша Хуат А. Бастауыш сыныптар құжаттарының жүргізілу барысы бойынша есеп берді. 1-4 сынып оқушыларының жеке іс – қағаздары тексерілді. Оның ішінде 1 және 2 тоқсан барысында жаңадан қабылданған оқушылардың іс- қағаздарына аса көңіл бөлінді. Жаңадан қабылданған оқушылардың жеке іс- қағаздары толық жинақталған. Жеке іс-қағаздарының бастапқы парағы 6.04.2020 жылғы №130 бұйрық (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы өзгертілген) негізінде жасалған. мектептен кеткен және келген оқушыларды есепке алу кітабы 2022 жылы басталған. 2022 жылдың басынан бастап 1,2 тоқсанда келген және кеткен оқушылар осы кітапқа тіркелген. Әр келген және кеткен оқушылары

жеке бұйрық шығарылған, және бұйрық нөмірі аталған кітапта тіркелген. Мектепке жаңадан келген және кеткен оқушыларды іс – жүргізушімен аталған кітаптарға тіркеледі.

Сөз сөйлегендер:

Хуат А. – Мектептің барлық құжаттары 6.04.2020 жылғы №130 бұйрық (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы өзгертілген) негізінде жүргізілу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп құжаттарын талаптарға сай жүргізілуін жалғастыру.

ӘК төрайымы:  Хуат А.

Хатшы:  Альмагамбетов С.

Қатысқандар:

Хуат А.

Дуйсенбаев М.Т.

Кункенова Г.А.

Альмагамбетова С.Ж.

Умурзакова Г.К.

Кункенова М.Н.

Каирова А.Т.